

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№12 (7849)

Жұма
25 наурыз
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Бағдарымыз айқын

Қазақстан халқы тағатсыз күткен тарихи сәттің куәсі болды. Табиғат-Ананың бусанып, дүние атаулы жаңарар Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Қазақстан мемлекеті де жаңару дәуіріне қадам басып отыр. Бағдарымызды айқындап, бақытымызды еселейтін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы ұзақ мерзімді қамтыған тарихи құжат болғандығына көзіміз анық жетті.

Мемлекеттің тұтастығы мен ұлтымыздың құндылықтарын сақтап қалу үшін мызғымас бірліктің маңыздылығына тоқталып, кешегі қаңтар қасіретінің қатерін ой елегінен өткізе сөз сабақтаған Мемлекет басшысы өз ұстанымындағы тарихи жауапкершіліктің салмағын айқын аңғартты. Әсіресе, қаңтар оқиғасына қатысты тергеу амалдарына алаңдаушылық білдіріп, биліктің тек әділетке жүгінетініне кепіл боларлық ой толғауы сүйсіндірді. Лауазымды тұлғалардың Отанға опасыздық жасауына қынжылыс білдірген Президент барлық шешім тек әділет тұрғысынан жасалатынына сендірді. Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін жасалған бүгінгі тарихи байламның қай-қайсысы да жаңа дәуір, тың белестің жаршысындай болғанын халық көрді, тыңдады. Президент өкілеттігін қысқарта отырып, Парламент өкілдігін арттыру, сол арқылы елдегі демократиялық сергектікті қамтамасыз ету жөніндегі бастамалары кімге болсын ой саларлық. Сондай-ақ, Президенттің партия мүшесі болуын шектеу, сәйкесінше әкімдер мен оның орынбасарларының партия қызметіне араласпауы секілді тың бастамалары

партиялық дамудың дербестігін қамтамасыз ететін негізгі фактор деп атар едім. Яғни, партиялар арасындағы саяси бәсекелестікті дамыту, оған жоғары билік өкілі ретінде Президенттің араласпауы шын мәніндегі демократиялық мүмкіндік.

Саяси реформалардың нақандылыққа емес, байыпты бағдарламаға негізделуі керек. Осы тұрғыдан алғанда, Қасым-Жомарт Кемелұлы тәуекелге бергісіз тарихи шешімдер қабылдады. Сонымен қатар, Ұлы Даланың Ұлытауы облыс орталығы болуы, шырайлы шығыстан Абай, жер жәннаты Жетісудан Жетісу облысының құрылуы сол төңіректегі жергілікті халықтың талай жылдардан бергі арман-тілегі болатын. Халықтың сұранысы, талап-тілегі орындалған мемлекетте ғана әділдік салтанат құрып, дамуы қарқынды болатынын осы жолғы Жолдау дәлелдеді. «AMANAT» партиясы Президентіміздің бүгінгі Жолдауында қамтылған міндеттер мен тапсырмаларды жүзеге асырып, шынайы түрде халықтық партияға айналу мақсатында аянбай қызмет атқара беретін болады.

Ел Президентінің халықтың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін көргім келеді деген тұжырымының астарында азаматтық ұстанымы да, көшбасшылық қасиеті де тұр. Сондықтан, бірлікті ту етіп, Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін барша мүдделестер мен ел азаматтарын Президент бастамаларын қолдауға шақырамын.

Б.Алтынбеков,
«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының атқарушы хатшысы, облыстық мәслихат депутаты.



Өткен апта Ақтоғай аспанын қазақы рух кернеді. Әсем ән қалықтап, әуезді күй күмбірлеп, аудан орталығындағы Ж.Шайдаров атындағы саябақ мерекелік думанның ордасына айналды. Сөйтіп, дархан дала төсіндегі Ақтоғай елі Ұлыстың ұлы күнін ерекше сән-салтанатымен қарсы алды.

Береке дарын, құт қонған күн

Әне-міне дегенше кербез көктемнің кәусар ауасын аңқытып, Ұлыстың ұлы күні де келіп жетті. Бозала таннан әуенге басқан бозторғайдың үнімен маңғаз дала манаурап, бұл күн жасампаздық пен табиғаттың жасару, жаңғыру мерекесі екендігін ұғынасың. Орталық саябақ


тойлау тұжырымдамасында: «Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру», – деп атап өтілген.



алаңында қатар-қатар сап түзей тігілген ақбоз үйлер көрер көзге әдемі-ақ. Ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлерде ұлттық құндылықтарымыз кеңінен көрініс тапты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы Наурыз мейрамын

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ертеден жетіп, бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан текемет, түскііз, сырмақтар, кебезелер мен киіз үйлерді көріктендірсе, рухани байлығымыз – құнды кітаптардан көрмелер ұйымдастырылды. Қазыналы аймақта кездесетін аң-құстардың экспонаттары (Жалғасы 2-бетте).



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың наурыз айында халыққа Жолдауы жарияланатыны туралы естігелі осы күнді асыға күткеніміз рас. Міне, бұған да куә болдық және демімізді ішке тарта отырып, бастан-аяқ тыңдадық. Жолдаудағы ұлттық мүддемізге қатысты көптеген шешімдер халықты рухтандырып отырғаны жасырын емес. Әйтсе де, қазіргі аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан кезеңде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор екені айрықша атап өтілді.

Ауыл шаруашылығы қашан да ел экономикасының драйвері. Соған

байланысты, егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аудару қажет. Сол себептен Үкімет пен әкімдерге көктемгі дала жұмыстарын, шаруалар жайын

қолдау тәсілдерін қайта қарау қажеттігін айтты. Бұл өте орынды сөз. Өйткені, ауыл шаруашылығын дамытуға жылда қыруар қаржы бөлінгенімен, оның

бағалармен сатып алу мәселесін шешуді тапсырды.

Жалпы Жолдау халықтың көкейінде жүрген көптеген сауалға жауап тапты.

Ауыл шаруашылығына – тың серпін

ерекше бақылауға алу тапсырылды.

Өткен жыл еліміз бойынша ата кәсіпті нәсіп еткен шаруа ағайынға оңайға соққан жоқ. Су тапшылығы қатты сезілді. Жолдауда шаруалардың қажетті жанар-жағармайды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығы, тұқым мен тыңайтқыш қорын қайта тексеру мәселелері сөз болды. Президент агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік

тиімділігі көрінбей тұр. Жолдауда Қасым-Жомарт Кемелұлы агроөнеркәсіп саласын мемлекеттік қолдау мәселесін қайта қарауды фермерлер қауымдастығымен бірлесіп атқаруды тапсырды.

Сонымен қатар, Президент азық-түлікке тапшылықты болдырмау және бағаны бақылауға алып, жөнсіз қымбаттауының алдын алу қажеттігін ескертті. Бұл мақсатта ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық

Ал, Президент: «Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты» – деп ерекше атап өтуі әрбірімізді жігерлендіре түскенін ашық айтуымыз керек.

Қ.Қадырберлин,
«Қазақстан фермерлер одағы» АҚ
Ақтоғай аудандық қауымдастығының
торағасы.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

*Биылғы Ұлыстың ұлы күні –
эз-Наурыз мейрамын елордамыз
Нұр-Сұлтан қаласында
тұратын қызыларайлықтар
өзіндік сән-салтанатымен
қарсы алды.*

Туған жерге тағзым

Арқаның биік шыңы Ақсораң баурайынан түлеп ұшқан жерлестеріміз елордадағы «ЭКСПО» көрмесі аумағындағы той алаңында «Қызыларай ауылы» атауымен киіз үй тікті. Дархандығы даласымен, асқарлығы дастарханымен өлшенген, «асы барда беріп жүріп ел таныған, аты барда желіп жүріп жер таныған» қызыларайлықтардың кеңпейілмен жайылған дастарханынан астаналықтар дәм татты. Ән мен жырға сусындады. Сырттағы ауыл азамат-

бойдан аңқып тұратыны анық. Ес білгелі білгеніміз, асқар Ақсораңның бауыры, қасиетті Қызыларай ауылы келген қонағына құшағын айқара ашып, барын алдыға тосатыны. Той-думанға келгенде делебеміз қозып, алдыға қара салмайтындығымыз. Ұлтымыздың ұлық мерекесі – Наурыз тойына біз де өз үлесімізді қостық. Туған жер атауын ту етіп, ауылымыздың атынан киіз үй тіктік. Сонымен қатар, киіз үй алдына арнайы дастархан жайып, Наурыз



тарының абыройы – туған елдің масаттанар мақтанышы. Жобаға бас-көз болып ұйымдастырған Айдос Мұқатайұлы, Нұрлан Аманбекұлы мен Ерболат Серкебайдың есімін ерекше атап өтсек, артық болмас. Атаулы күні аса бір әсерлі іске ұйытқы болғандардың бірі – Е.Серкебай: – Даланың баласы қашанда сол дархан даланы аңсап тұратыны сөзсіз. Туған топырақтың қанға берген қасиеттері қай төңіректе жүрсен де

тойына келген қауымға ұлттық тағамдар ұсынылды, – дейді игі бастама жайында. Иә, туған жер – әр адамның түпқазығы, рухының бесігі. Ауыл – тамыры тереңге жайылған қазақы дәстүріміздің қаймағы бұзылмаған ордасы. Сол алтын орданың қадір мен қасиетін Қызыларай ауылының арда азаматтары игі амалымен тағы бір мәрте аспандатты.

Д.Амангелдіұлы.

Қазақстан-2050: Спорт

Ұлттық спортты дамытуда Ақтоғай ауданы бірқатар спорттық шараларды жүзеге асырып келеді. Бабадан қалған асыл мұраның бірі – ат жарысы екендігі белгілі. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай Қусақ ауылдық округінде ұлттық ат спорты түрлерінен жарыс өтті.

Шараның мақсаты – ұлық мереке маңызын насихаттай отырып, салауатты өмір салтына үндеу, төл спортымызды дамыта түсу. Жиналғандарды алдымен Қусақ ауылдық округінің әкімі Дархан Мұқатай атаулы күнмен құттықтады. –Бүгін Наурыз мерекесіне орай ұлттық ат спорты түрлерінен жарыс өткізіп отырмыз. Қусақ ауылы салт-дәстүрге құрметпен қарап, саламатты өмір салтын насихаттауға, ұлттық спорттың дамуына ерекше назар аударып келеді. «Ат – ер

Бабадан қалған асыл мұра



қанаты» дейтін халқымыздың аударыспақ, қыз қуу, жамбы ату, аламан бәйге, теңге алу сияқты ойын түрлері ғасырдан-ғасырға жалғасып келеді. Кешегі дала өркениетінің

Береке дарын, құт қонған күн

(Соңы. Басы 1-бетте).

мен талантты оқушылардың қолөнер туындылары кеңінен насихатталды. Әрбір мекеме өзіне тиесілі жерде қазан көтерді. Алыстан ат арытып келген қонағына адал асын ұсынатын игі дәстүрді ақтоғайлықтар берік ұстанды. Құрт пен ірімшік, шелпек, бауырсақ, түрлі тәттілер, ас атасы – нан тағамдарының неше түрі, наурыз-көженің молдығы дайындаған адамдардың шынайы ықыласы екендігін

шаралар ұйымдастырылуда. Мұның барлығы бабаларымыздан қалған салт. Біз сол дәстүрді жаңғыртуда келелі жұмыстар атқаруды келешекте де жалғастыра береміз, – деді Қ.Қошантаев.

Думанды мерекені тамашалаған жұрттың жүздерінде қуаныш, көңілдері көтерілді. Наурыз мейрамының қаншалықты маңызды әрі мәнді екендігін айтқызбай-ақ аңғартады. Ұлттық тағам түрлері орын алған ақшаңқан шатырларға бас



көрсетті.

«Наурыз айы туғанда, той болушы еді бұл маңда...» демекші, мереке «Армысың, эз-Наурыз!» атты қазақтың ұлттық құндылықтары насихатталған көріністермен басталды. Сал-серілер думан құрып, жыршылар шаттық көңіл-күйді өлеңмен өрнектеді. Желмаясына мініп, Арқаның алтын алқасы Ақтоғайға да жеткен Қыдыр ата бейнесі тарихы тереңнен тамыр тартағын мерекенің маңызын айшықтай түсті.

Мерекеге жиналған жұртты аудан әкімінің міндетін атқарушы Қайрат Қошантаев келген жыл басымен құттықтап, жаңа жыл татулық пен бірліктің, ынтымақ пен ырыс-берекенің жылы болсын деген тілегін жеткізді.

– Еліміз егемендік алған уақыттан бастап Наурыз мейрамының маңызы арта түсті. Бұл күнді атап өтуді республика халқы дәстүрге айналдырып келеді. Бекем бірліктің, ұлтаралық татулықтың шынайы көрінісін айшықтайтын мейрамдардың бірі – осы Наурыз. Наурыз – молшылықтың, берекенің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі. Мерекеге Ақтоғай халқы үлкен дайындықпен келді. Ауқымды концерттік бағдарлама құрылып, мәдени-спорттық

сұққан әлеумет «Жаңа жыл елімізге ырыс, молшылық әкелсін» деген ақ ниетпен наурыз-көжеден дәм татты.

Ұлы күнді ұлықтаған Ұлыстың мерекелік қызыққа қызу қосар тағы бір дәстүрлі шарасы, ол – спорттық жарыстар. Шуақты күні шадыман күйге бөленген жұрттың бір жартысы сайыс қызығын тамашалаумен болды. Батыр елдің жүректі де білекті, баһадүр ұлдары қазақ күресінен сайысқа түсті. Енді бір тобы арқан тартысып, көпшіліктің күшін көрсетіп, кір тасын көтерді. Соңғы жылдары дәстүрге айналған мерекенің шырайын келтірген тағы бір сайыс «қой көтеру» болды. Сондай-ақ, ақтоғайлық ұлдар қол қарымын да сынға салды бұл жерде.

Сөйтіп, ән әуелеп, күй күмбірлеп, көрермен көңілін сазды сиқыр билеген тылсымды сәттер шараның мәртебесін биіктете түсті.

Наурыз думаны түс ауғанша толастаған жоқ. Қуанышты көңіл-күй, рухани ләззат сыйлаған бұл күнді мерекеге жиналған қауым бір-біріне деген асқақ көңіл, ыстық пейіл, жылы лебізбен тарасты.

Думан ҚАБЫЛ.

жарысты салтанатты түрде ашып берді. Сонымен, сайыс нәтижесіне тоқталсақ. Қазақы тай жарысында I орынды Нұрмұқанбет Ықылас, II орынды Қуанышбек Аян, III орынды Шалхарбаев Сабырхан жеңіп алды. Ал, асыл тұқымды тай жарысында I орынды Қарағанды қаласынан келген Хуанбай Еламан (150 мың теңге) иеленсе, II орынды Қадырберлин Дәулет (100 мың теңге), III орынды Жанабек Дамир (50 мың теңге) еншіледі. Асыл тұқымды құнан жарысында жүлделі I орынды Қарабұлақ ауылдық округінен келген Төлеутай Ислам, II орынды Шалхарбаев Мәдениет, III орынды қарағандылық Бәлібі Бақберген қанжығалады.

Н.Рахимжанова,
Қусақ ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

Жоба

Ақтоғай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы, 1 тармағының 4-2) тармақшасына, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8,12 баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1 тармағына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтоғай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданының әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім С.Әбеуова.

Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Т.Жумадилова.

Об утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Ақтоғайского района

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со статьями 8,12 Закона Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года «О регулировании торговой деятельности», пунктом 50-1 Правил внутренней торговли утвержденных приказом исполняющего обязанностей Министра национальной экономики Республики Казахстан, акимат Ақтоғайского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Определить и утвердить места размещения нестационарных торговых объектов на территории Ақтоғайского района согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Ақтоғайского района.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким С.Абеуова.

Руководитель государственно-правового отдела аппарата акима Ақтоғайского района Т.Жумадилова.

Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына №1 қосымшасы

«Ақтоғай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындары

№	Сауда объектілерінің орналасқан орны	Алып жатқан алаңы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Жақын арадағы инфрақұрылымды есепке алғандағы қызмет саласы (үксас бұйымдар сатытын сауда объектілері, сонымен қатар қоғамдық тамақтану орындары)
1	Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесінің бойындағы «Айфар» кафесіне қарама-қарсы	245 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
2	Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы, Қараменде би көшесіндегі №4 тұрғын үйдің оң жағында	75 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
3	Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы, Орталық көшесіндегі №6 дүкеннің алдында	20 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
4	Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Достар көшесі №30 а, дәрігерлік емханасының алдында	100 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
5	Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі №11, Клуб үйінің сол жағында	50 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
6	Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Наурыз көшесі №5, Өнеркәсіптік қойма нысандарының оң жағында	100 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
7	Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы, Сана би көшесі №9 б «Айнұр» дүкенінің оң жағында	45 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
8	Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жәнібеков көшесі №25, Ақжарық ауылдық мәдениет үйінің оң жағында	20 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
9	Ақтоғай ауданы, Қараменде би ауылдық округі, Ақтас ауылы, Еңбек көшесі №6, Ақтас клуб үйінің оң жағында	10 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
10	Ақтоғай ауданы, Нұркен ауылдық округі, Нұркен ауылы, Жалаңтөс көшесіндегі №7 тұрғын үйге қарама-қарсы	8 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
11	Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылы, Жаутиков көшесі №13а, «Береке» дүкенінің алдында	20 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
12	Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Парасат көшесі №20 А, «Дананұр» дүкенінің алдында	45 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
13	Ақтоғай ауданы, Сарышаған кенті, Теміржол көшесі №7, Бақылау өлшеу пунктіне қарама-қарсы	600 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
14	Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі №3а мешіттің сол жағында	50 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
15	Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі бойында, Орталық көшесіндегі №19 тұрғын үйге қарама-қарсы	30 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
16	Ақтоғай ауданы, Торанғалық ауылдық округі, Абай көшесіндегі №6 тұрғын үйге қарама-қарсы	20 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
17	Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі №1, клуб үйіне қарама-қарсы	20 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ
18	Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті, Сейфуллин көшесі №2, «Азиза» дүкенінің оң жағында	162 шаршы метр	5 жыл	Азық түлік және азық түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым - жоқ

Приложение №1 к постановлению Акимата Ақтоғайского района от «__» _____ 2022 г. № _____

Места размещения нестационарных торговых объектов на территории Ақтоғайского района

№	Место расположения торговых объектов	Занимаемая площадь	Период осуществления торговой деятельности	Сфера деятельности с учетом близлежащей инфраструктуры (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного питания)
1	Ақтоғайский район, с.Ақтоғай, напротив кафе «Айфар» по улице А.Бокейхана	245 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
2	Ақтоғайский район, Абайский сельский округ, село Абай, справа от жилого дома по улице Қараменде би №4	75 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
3	Ақтоғайский район, Айыртасский сельский округ, с.Айыртас, перед магазином по улице Орталық №6	20 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
4	Ақтоғайский район, Жидебайский сельский округ, село Сауле, перед врачебной поликлиникой по улице Достар №30А	100 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
5	Ақтоғайский район, Кежекский сельский округ, село Ақши, улица Бейбітшілік №11, слева от клуба	50 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
6	Ақтоғайский район, Қусақский сельский округ, село Қошқар, улица Наурыз №5, Справа от промышленных и складских объектов	100 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
7	Ақтоғайский район, Қарабұлақский сельский округ, село Нарманбет, улица Сана би №9 б, справа от магазина «Айнұр»	45 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
8	Ақтоғайский район, Қызыларайский сельский округ, село Ақжарық, ул. У.Жәнібекова №25, справа от сельского дома культуры Ақжарық	20 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
9	Ақтоғайский район, Қарамендебийский сельский округ, село Ақтас, ул.Еңбек №6, справа от дома культуры Ақтас	10 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
10	Ақтоғайский район, Нұркенский сельский округ, село Нұркен, напротив жилого дома по улице Жалаңтөс №7	8 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
11	Ақтоғайский район, Ортадересинский сельский округ, село Ортадересин, улица Жаутикова №13а, перед магазином «Береке»	20 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
12	Ақтоғайский район, Сарытерекский сельский округ, село Сарытерек, улица Парасат 20а, перед магазином «Дананұр»	45 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
13	Ақтоғайский район, поселок Сарышаған, напротив Контрольно-испытательного пункта по улице Теміржол №7	600 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
14	Ақтоғайский район, Тасаралский сельский округ, село Тасарал, улица Ағыбай батыра №3а слева от мечети	50 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
15	Ақтоғайский район, Тасаралский сельский округ, село Тасарал, по улице Ағыбай батыра, напротив жилого дома №19 по улице Орталық	30 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
16	Ақтоғайский район, Торанғалық сельский округ, село Торанғалық, напротив жилого дома по улице Абая №6	20 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
17	Ақтоғайский район, Шабанбайбийский сельский округ, село Шабанбай би, ул. А. Бокейхана №1, напротив клуба	20 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
18	Ақтоғайский район, поселок Шашубай, улица Сейфуллина №2, справа от магазина «Азиза»	162 кв.м	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет

Үндеу

«Прокуратура туралы» Заңының 31-бабының тәртібімен

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Соңғы уақытта облыс кәсіпорындарындағы еңбек даулары жиілеп кетті. Көбінесе олар стихиялық ереуілдерге көшеді. Әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарды қанағаттандыру мақсатында қызметкерлер ереуіл жариялауға құқылы. Алайда, бұл үшін татуластыру рәсімдерінің кезеңдерінен өту керек, әйтпесе ереуіл заңсыз деп танылады. Осыған байланысты, ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған Еңбек кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) реттелетінін түсіндіреміз. Осылайша, жұмыс беруші үш жұмыс күні ішінде қызметкерлердің қойған талаптарын қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Оларды шешу мүмкін болмаған кезде өз шешімдері мен ұсыныстарын (жазбаша түрде) қызметкерлерге жеткізу (кодекстің 163-бабының 2-бөлігі). Бұдан әрі дау татуластыру комиссиясында (жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде) шешілуге тиіс. Бұл тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган. Татуластыру комиссиясы дауды шешу процесінде қызметкерлермен, жұмыс берушімен және басқа да адамдармен консультация жүргізеді. Комиссияның шешімі тараптардың келісімі негізінде қабылданады, хаттамамен ресімделеді және тараптар үшін міндетті күші болады. Татуластыру комиссиясының мүшелері келіссөздерге қатысқан уақытта жалақысы сақтала отырып, жұмыстан босатылады. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы татуластыру рәсімдеріне қатысудан жалтаруға құқылы емес екенін атап өтеміз. Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал тараптар дауды шешу үшін әкімдік өкілдерін (мемлекеттік еңбек инспекторын) тарта отырып, еңбек төрелігін құрады (Кодекстің 165-бабының 6-бөлігі). Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның құрамы және еңбек дауын қарау тәртібі тепе-теңдік негізде тараптардың келісімімен айқындалады (бұл ретте еңбек төрелігі кемінде бес адам болуға тиіс). Татуластыру комиссиясының мүшелері жұмыскерлердің қаралып отырған талаптары бойынша еңбек төрелігінің құрамына кіре алмайды. Еңбек төрелігінің шешімі жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады және орындау үшін міндетті болып табылады. Төрелік реттемеген мәселелер бойынша соттарға жүгіну қажет. Бұл ретте жұмыс берушінің немесе прокурордың өтініші бойынша тиісті рәсімді сақтамай ереуіл өткізу тек сотпен заңсыз деп танылуы мүмкін. Бұл жағдайда сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысуды жалғастыруға мәжбүрлегені және шақырғаны үшін 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен қылмыстық жауапкершілік көзделген (ҚК 157 және 402-баптары). Азаматтарды қолданыстағы заңнама нормаларын мүлтіксіз сақтауға, арандатушылыққа бой алдырмауға және заңсыз ереуілдерге қатыспауға шақырамыз. Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

Қарағанды облысының прокуратурасы.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК) ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді, осы күннен бастап «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» және «Әкімшілік

электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, бейнежолданым нысанында жіберілген арыз немесе шағым болып табылады (ӘРПК 4-бабы 1-бөлігі 16-тармағы). Әкімшілік орган, лауазымды адам - жолданымдарды қабылдайды және

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі туралы

рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының күші жойылды. ӘРПК мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді (ӘРПК-нің 3-бабы 1-бөлігі). Сонымен қатар, ӘРПК белгіленген әкімшілік рәсімдердің тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы, Жоғары Сот Кеңесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және т.б. заңнамалармен реттелетін қатынастарға қолданылмайды (ӘРПК-нің 3-бабы 4-бөлігі). ӘРПК-ге сәйкес, жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе)

тіркейді, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдеседі, формальды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік береді (ӘРПК 20-бабы 1-бөлігі 1-тармағы). Әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданымды бір немесе бірнеше тұлға (ұжымдық жолданым) бере алады (ӘРПК 22-бабы 1-бөлігі). Жаңа Заңға сәйкес, әкімшілік акт дегеніміз – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім (ӘРПК 4-бабы 1-бөлігі 4-тармағы). Әкімшілік істі лауазымды адам жеке-дара, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда не әкімшілік органның шешімі бойынша алқалы құрам қарайды (ӘРПК-нің 71-

Обращение

в порядке статьи 31 Закона «О прокуратуре»

УВАЖАЕМЫЕ ГРАЖДАНЕ!

В последнее время участились трудовые конфликты на предприятиях области. Нередко они переходят в стихийные забастовки. В целях удовлетворения социально-экономических и профессиональных требований работники вправе объявить забастовку. Однако для этого необходимо пройти этапы примирительных процедур, иначе забастовка будет признана незаконной. В этой связи, разъясняем, что порядок рассмотрения коллективных трудовых споров регулируется Трудовым кодексом (далее – Кодекс), который принят 23 ноября 2015 года. Так, работодатель в течение трех рабочих дней обязан рассмотреть выдвинутые работниками требования и принять меры для их разрешения. При невозможности их разрешения довести свои решения и предложения (в письменном виде) до работников (ч.2 ст.163 Кодекса). В дальнейшем спор должен разрешаться в примирительной комиссии (в срок до семи рабочих дней). Это орган, создаваемый совместным решением сторон на паритетных началах. В процессе разрешения спора примирительная комиссия консультируется с работниками, работодателем и другими лицами. Решение комиссии принимается на основе соглашения сторон, оформляется протоколом и имеет для сторон обязательную силу. Члены примирительной комиссии на время участия в переговорах освобождаются от работы с сохранением заработной платы. При этом отмечаем, что ни одна из сторон не вправе уклоняться от участия в примирительных процедурах. При недостижении соглашения в примирительной комиссии ее работа прекращается, а для разрешения спора сторонами создается трудовой арбитраж (ч.6 ст.165 Кодекса), с привлечением представителей акимата (государственного инспектора труда). Количество членов трудового арбитража, его состав и порядок рассмотрения трудового спора определяются соглашением сторон на паритетной основе (при этом трудовой арбитраж должен быть не менее пяти человек). По рассматриваемым требованиям работников члены примирительной комиссии не могут входить в состав трудового арбитража. Решение трудового арбитража принимается не позднее семи рабочих дней простым большинством голосов членов арбитража и является обязательным для исполнения. По вопросам, неурегулированным арбитражем необходимо обращаться в суды. При этом по заявлению работодателя или прокурора только судом проведение забастовки без соблюдения соответствующей процедуры может быть признано незаконной. В этом случае за принуждение и призывы к продолжению участия в забастовке, признанной судом незаконной предусмотрена уголовная ответственность с лишением свободы на срок до 3-х лет (статья 157 и 402 УК). Призываем граждан неукоснительно соблюдать нормы действующего законодательства, не поддаваться на провокации и воздержаться от участия в незаконных забастовках. Правоохранительные органы будут пресекать любые правонарушения, посягающие на установленный порядок, общественную безопасность, а также принимать предусмотренные законом меры по их недопущению.

Прокуратура Карагандинской области.

бабы). ӘРПК-де процестік мерзімдер айқындалған. Атап айтқанда, әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс қаралғаннан кейін өтініш-хат мәлімделген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде әкімшілік іс материал-

табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану және молайтуды саласындағы қатынастардан

дарымен танысу мүмкіндігі берілуге тиіс (ӘРПК-нің 75-бабы 1-бөлігі). Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жолданым негізінде қозғалған әкімшілік рәсімнің мерзімі жолданым келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнін құрайды (ӘРПК 76-бабы 1-бөлігі). Бұған қоса, ӘРПК сәйкес шағымды қарау мерзімі шағым келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды (ӘРПК-нің 99-бабы). Жаңа Заңда прокурор өкілеттігі де айқындалған, әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына жоғары қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да жүзеге асырады (ӘРПК-нің 31-бабы 1-бөлігі). Сонымен бірге, прокурор өзіне заңда жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында салықтық, кедендік, бюджеттік қатынастардан,

туындайтын әкімшілік істер бойынша, мемлекеттен және мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезінде мемлекеттік сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау туралы әкімшілік істер бойынша қорытынды беру үшін, сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғап, сондай-ақ әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға орай құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін өзі дербес қорғауды жүзеге асыра алмайтын адамдардың немесе шектелмеген тұлғалар тобының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеуі мүмкін болғанда не прокурордың қатысу қажеттігін сот танығанда процеске кіріседі (ӘРПК-нің 31-бабы 2-бөлігі).

Ақтоғай ауданының прокуратурасы.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ..

Ғ
и
б
р
а
т



Бұл мақалада бар ғұмырын білім беру саласына арнаған, өнегелі өмір иесі, ұлағатты ұстаз Сейдіғазымова Гүлмайра Сейдіғазымқызының өмірі жайлы жазылған. Гүлмайра ұстаздың ғибратты ғұмыры жайлы естеліктер жас ұрпақты білім мен тәрбиенің көусар бұлағынан сусындатары анық.

«Адам бір жылын ойласа – дән себеді, бар ғұмырын ойласа – ағаш егеді, ал ғасырлық болашағын ойласа – ұрпақ тәрбиелейді». Иә, расымен ақылдың кені болған бабалар сөзі тегін айтылмаған.

Саналы ғұмырының сәулелі сәттерін мектеп қабырғасында өткізіп, қамы бастың қамы үшін емес, шәкірт қамы үшін жүретін барлық ұстаз жандардың еңбегі ұлы іс екені ақиқат. Ата-анадан кейінгі ақылшы ұстаз – болашаққа бастар жолдың көшбасшысы. Себебі, адамның бар өмірі білімге бағытталған. Кез келген мамандықта жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, жомарттықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық болса, ол – ұстаздық. Алғаш мектеп есігін айқара ашып, сізді құшақ жая қарсы алатын аяулы жанның екінші анаңыздай болып кететінін сезініп көрдіңіз бе?! Баланың алғашқы ұстазы – ол мектеп табалдырығын аттап, өріп үйреніп, жазуға бейімделер кезде кездестіретін жан. Бала санасына білімді қарапайымнан қиынға, жеңілден ауырға, нақтыдан абстрактілі, жас және жеке ерекшеліктеріне қарай сіңіру де ұстаздың ерен еңбегінің арқасында жүзеге асатын ізгілікті іс.

«Адамның ең жақсысы – көпке пайда тигізген кісі» деген сөз бар дана халқымызда. Бір отбасының ғана емес, бүтін елдің құрметіне бөленген, алдынан өткен барлық шәкіртінің жүрегінде мейірімділігімен сақталған, бойынан ізгілік оттары ұшқындайтын ұстаздың бірі – Сейдіғазымова Гүлмайра Сейдіғазымқызы.

Өнегелі ұстаз 1939 жылы наурыз айының 8-жұлдызында Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтында бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша оқуын аяқтап, 1958 жылы Қызыларай орта мектебінде еңбек жолын бастаған. Өмірлік серігі Балапанов Мәнненмен 1960 жылы шаңырақ құрып, 6 баланы дүниеге әкелген алтын құрсақты ана. Балаларының бойына жақсы тәрбие сіңіріп, өмірде өз жолдарын табуға бағыт-бағдар беріп отырған отбасының отағасы Мәннен аға мектеп қабырғасында қызмет етіп жүріп 1974 жылы Қаратал орта мектебінің директоры болып тағайындалған. Осылайша ұстаздар отбасы 1974-1985 жылдар аралығында Қаратал орта мектебінде мұғалімдік қызметін абыройлы атқарды.

Ұстаз ана Сейдіғазымова Гүлмайра Сейдіғазымқызы Қазақ КСРО Жоғарғы

Кеңесі Президиумының Жарлығымен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан II дәрежелі «Ана» медалімен марапатталған. Өмірлік серігімен 53 жыл бірге отасып, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Гүлмайра мұғалім немере, шөберелер сүйіп, бала-шағасының ортасында бақытты ғұмыр кешіп, 82 жасында дүниеден озды.

Мәртебелі мұғалім мектеп табалдырығын аттаған әр үйдің еркесін, тұңғышын, жалғзын білім беруде «жақсы оқушы» және «жаман оқушы» деп бөліп жармай, ұстаздық махаббатына бөлеп, білім нәрімен сусындатты. Иә, ол әр шәкірттің құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген аяулы жан болды. Себебі, «бірнеше жыл уақыттан асып кетсе де, әлі күнге Гүлмайра Сейдіғазымқызының жағымды үні, оқу менен жазуды егжей-тегжейіне дейін түсіндіруден жалықпайтын жылы жүзі, басымнан сипаған кездері әлі есімде», - деп білім алған шәкірттері сағынышпен еске алады. «Ауыл - іші», «алтын ұя – мектеп» деген сөздерді естіп қалғанымда ең алғаш ойға оралатын да осы Гүлмайра анамыздың жайдары бейнесі.

Тәжірибесі мол ұстаздың бойынан үш ерекше қасиеті түнгі таудан көрінген оттай анық байқалатын. Бірінші – қарапайым, екінші – жауапты, үшінші – өз ісіне деген сүйіспеншілігі ерекше. Осындай ардақты адамның бойындағы асыл қасиеттер айналасын нұрға бөлеп, көпке нәр себетін.

Білім жолында Гүлмайра Сейдіғазымова оқығанын көңіліне тоқып, өмірден алған жеке сабақтарын шын жүрегімен шәкірттерінің бойына сіңіре білген жан. Себебі, оның қарапайым да сыпайы мінез-құлқы, айтылған әр мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі оқушыларға да, әріптестеріне де үлкен үлгі болатын. Бұл – кез келген адамның қолынан келе бермейтін, ерекше талант пен ынтаны қажет ететін, қиялы мен ақыл-ойы бай адамға ғана тән қасиет.

Бар ғұмырын ұлт болашағы мен ұрпақ тәрбиесіне арнаған мақтаулы маман Гүлмайра Сейдіғазымқызының мектеп қабырғасында 35 жылға жуық еңбек етіп, атқарылған еңбегі үшін алған марапаттары өз алдына бір бөлек. Атап айтсақ, кеше ғана өмірден өткен ұстаз еңбек жолында II дәрежелі республикалық Құрмет грамоталарымен, Алғас хаттармен марапатталған. Ал, 1982 жылы «Қазақ ССР еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алған. Бұл – ұстаздың үздіксіз еңбегінің жемісі. Әрбір шәкірттің жылдар бойы тәлім алған, жақсы көрген ұстазының аяулы бейнесі жүрек түбінде сақталуы заңдылық.

Қазіргі ғылым мен білім іздеген қоғамның басты талабы – қолдан жасалған «XXI ғасырдың ғажайыптарынан» ләззат алу емес, ел үшін еңбек ететін тарландарды өсіру. Бүгінгі күні Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып, еңсесін тіктеп келе жатқан елімізге ең алдымен, білімді де ынталы жастар керек.

Өз ісіне адал берілген, шәкірт жанына білім нұрын шашқан Гүлмайра Сейдіғазымқызының өнегелі өмірі – кейінгі жастар үшін тәрбие мен тағылымға толы кітап іспетті. «Бір өріп үйреткен ұстазға қырық жыл иіліп сәлем бер» дейтін төмсіл бар бұрынғыларда. Біз, 1974 жылы алғаш өріп үйреніп, әліше ұстаған шәкірттері жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, Гүлмайра ұстаздың асыл бейнесін ұмытпаймыз. Ол кісінің рухы мен есіміне мәңгілік бас иеміз...

1974 жылы мектеп табалдырығын аттаған шәкірттері атынан: Әлия Бегетаева, Азат Бабашев, Бекзат Төребек.

Қоғамдық тыңдау 04 маусым 2022 ж. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересинский с.о., Ақжайдақ ауылы, Ақжайдақ станциясы, Бөйтерек к., 37 (вокзал ғимараты, күту залы) өтеді, өтетін уақыты сағат 16.00.

- «Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Ақжайдақ станциясынан Пустынное кен орнының аумағына жалпы пайдаланудағы емес кірме теміржол жолының құрылысын салу»

«Пустынное» кен орнынан «Ақжайдақ» станциясына дейін өсерету аймағы 20 км, географиялық координаттары Ендік: 46°57'22,55" ш.б. бойлық: 76°5'10,20" Ш.

Карантин ұзартылған жағдайда белгіленген қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде Zoom платформасы арқылы бейнеконференция түрінде өтеді.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVj15VHhEdz09>

Конференция идентификаторы: 344 284 5942.

Қатынау коды: 5Z6MdR

Қатысушыларды тіркеу, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша тапсырыс берушінің телефондары арқылы хабарласуға болады 87016078556.

Тапсырыс беруші: «Алтыналмас АҚ» ақ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Республика алаңы к-сі, 15-үй
Өзірлеуші: ҚОҚ бөлімі – ИП «Погорелов В.Ф.» тел.: 87022919119.

Жергілікті атқарушы орган – «Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 87212568166.

Жоба бойынша құжаттамалар БЭК-те <https://ecoportal.kz> және ЖАО-ның expertiza.upr_krg@mail.ru сайтында жарияланған.

Ескертулер мен ұсыныстар сілтеме бойынша қабылданады <https://ecoportal.kz/>, сондай-ақ электрондық мекен-жайға: expertiza.upr_krg@mail.ru

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

04 мая 2022 года в 16.00 часов по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Ақжайдак, ст.Ақжайдак, ул.Байтерек, 37 (здания вокзала, зал ожидания) проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту:

- «Строительство подъездного железнодорожного пути не общего пользования от станции «Ақжайдак» до территории месторождения «Пустынное» с внутриплощадочным путевым развитием по месту расположения: Республика Казахстан, Карагандинская область, Актогайский район»

Территория воздействия от месторождения «Пустынное» до станции «Ақжайдак» 20 км, географические координаты Широта: 46°57'22.55"С Долгота: 76°5'10.20"В.

Регистрация участников будут вестись при предъявлении документа, удостоверяющую личность.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVj15VHhEdz09>

Идентификатор конференции: 344 284 5942.

Код доступа: 5Z6MdR

Регистрация участников введется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87016078556.

Заказчик: АО «АК Алтыналмас», г.Алматы, Бостандыкский район, ул. площадь Республики, 15.

Разработчик: Раздел ООС ИП «Погорелов В.Ф.» тел.: 87022919119.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», тел.: 87212568166.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО e-priroda.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru>

Замечания и предложения принимаются по <https://ecoportal.kz/>, а также на электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru

АБ

Құттықтаймыз! Құттықтаймыз! Құттықтаймыз!

Ақсұр таудай әкеміз
Сергей Алдашұлы!

Сізді 63 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасында алтын көпірдей қадірлі қалыңызды сақтап келесіз. Осы қуанышты сәтте сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз.



Сіздер барда қуанамыз, тасамыз,
Шымылдығын шаттық күннің ашамыз.
Бақытпенен, сенімменен біздерге,
Анам-әкем, Алла қолдап, ұзақ ғұмыр жасаңыз.

**Игі тілекпен: анамыз – Бақыттыбала,
балаларыңыз – Самат-Мейрамгул, Ернұр-Гүлзат,
Науан-Эльвира, немерелеріңіз.**

Ақтоғай ауылының
тұрғыны **Смақова Ботакөз
Байзаққызы!**

Сізді мерейлі 50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сізге тілейтініміз: деніңізге саулық, отбасыңызға амандық. Шаңырағыңыздың шаттығы еселеніп, биік асуларды бағындыра беріңіз деген ізгі ниет, ақ тілегімізді білдіреміз. Жүзіңізден шуақ кетпей, ғұмыр бойы маз-мейрам болып, өмірдің қызығына тоймай, ортамызда жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына шыға беріңіз.



Қызық-шаттық, жақсылықты тере бер,
Жұртшылықтың алғысын тек ала бер.
Беделің де артсын ылғи ортада,
Еңбегіңмен алда өсіп-өне бер.

**Құттықтаушылар: Мүсіркеп, Абзал, Рахман, Жетпіс,
Бағдат, Сәкен, Серік, Ардақ, Балқашбек, Жоламан,
Даша, Жәніс, Бейбіт, Нұриманның отбастары.**



**Құрметті
Ахаев Жақсылық
Жақыпбекұлы!**

Сізді 40 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз арта берсін. Өрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын.

Қырық деген көнбейтін жас құрыққа,
Қырық деген ұнайтын жас бар жұртқа.
Қамал алған құтты болсын жасыңыз,
Өрлей берсін өрге қарай тасыңыз.

**Тілек білдірушілер: Екпін-Мәкен, бажаларың-
балдыздарың – Нұрболат-Айзада, Біржан-
Жұлдыз.**

Рухани жаңғыру: тарихқа тағзым



Ақтоғайдың рухани тарихының жібек жіптей тарқатылар бір тарауын дарындардың шокжұлдызын тудырған өнерінен танып-білу керек екендігі барша жұрттың мақтанышына айналғалы қашан. Қасқа бұлақтан басталып, Арқаның апайтөсін қақ жарып ағып барып, құм сүзгіден өтіп, Көкше көлге құятын Тоқырауын өзенінің арнасының сыңарындай болған аудан өнерінің тамыры елшіл намыс пен өршіл мінезден нәр алып, рухы биік тұлғаларды тудырған топырақтан жаралған. Сондықтан да, Әсет пен Шашубай, Күләш пен Ақкыз, Манарбек пен Мағауияларды пір тұтып, өз биіктігін Ақсоранмен өлшейтін Ақтоғай өнерінің тоқтап, тоқырауға да секем алдырып, селдіреуге де хақысы жоқ. Өйткені, бар өмірі аудан өнерінің кіндігіне талантымен байланған азаматтардың өлшеусіз төккен тері мен ерен еңбегінің киесі ешқашан ұмытылмақ емес.

«Өнерлі жігіт өрдеозар, өнерсіз жігіт жерсоғар» дегендей, әйгілі «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің топ жарғандарының бірегейі – Құржібаев Аманкелді марқұмның аудан өнерін өрге сүйрегендердің алдыңғы легінде болғандығын кейінгі ұрпақтары құрметпен еске алатындығына шүбәсіз сенімдіміз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың» дегендей, балалық шағында аудан өнерінің негізін қалаған өнер ардагерінің бірі, ағасы Бакиров Телманның тәлімі мен өнегесінің игі әсерінен бе, әлде тал бойындағы туа біткен таланттың ұшқыны ма,

Талантты бағалау парыз



мектеп қабырғасынан домбыраға әуестігі қалыптасып, сол құмарлық жас жігітті жетектеп, сахна төрінен бір-ақ шығарған еді. Бойында таланты бар пендені қиырдан көзі шалғанда шабыты тулап, жанары шоктай жанатын дарабоз Дартай марқұм бірден бауырына тартып, баулып, баптап бәйгеге қосып жіберген болатын.

Автоклубтың мотор жүргізушісі болып еңбек жолын бастаған Аманкелді дүбірлі додаға қосылып кеткендігін алғашқыда өзі де сезбей қалған болар. Өйткені, жер мен

көктің ортасында тұрғандай күйге бөлейтін самғауы биік сахна, қол сокқан көрермен мен құттықтаған қошемет, қатар жүрген өзіндей өрімтал өнерлі қыз-жігіттер, осының бәрі Аманкелдіні шабытқа шақырып, тынысын ашып, ақжелкенмен өнер айданына алып шықты. Таудай талаптың таланты барды ұштап, жаңа қырларының көзін ашатындығын кара домбыраны ғана қолына ұстап келген Аманкелді марқұмды жетілдіріп, бірте-бірте көне аспаптар оркестріндегі барлық аспаптардың құлағында ойнайтын шеберлікке жеткізгендігі айқындал берді. Ол ғана емес, тіпті халық театрында Дзержинский сияқты басты кейіпкерлердің тізгінін де иеленіп, сахна сырлының құпияларына тереңірек бойлай түскендігі өнер басқышымен көтеріле бастағандығын айшықтап берген болатын. «Кенді шыққан жерден қаз» дегендей, Ақтоғай өнерінің көшбасшысы атанған Дартай ақсақалдың үйретуімен 20 кг-дық кара баянның сырлы үніне құмартып, тағдырына сан қырлы таланттар ұя салып, баяншы атанған Қуатқа еліктеген Аманкелді де бес тілді кара баянды меңгеріп, шағын үгіт бригадасының көркемдік жетекшісі дәрежесіне жетіп, тағы бір тамаша қабілетімен танылған болатын.

Мәдениет бөлімі жұмысының ауқымы көктемгі мал төлдету науқанында кеңейе түсіп, отарлардағы еңбеккерлерге мәдени қызмет көрсету басты нысанаға айналғанда жеке-жеке үгіт бригадаларын құруға

музыканттың жетіспеушілігінің тағы бір қиындығынан өнерге талпынған Аманкелді құтқарып, кара баянның қаптаған түймелерінен әсерлі әуен төгетін дарынды ағалары Әнуар мен Сабыр марқұмдардың қатарын жаңа есіммен толықтырып жібергендігі аудан өнерінің көзі ашылған қайнар бұлақтай жалғаса беретіндігін айғақтап тұр. Аманкелдіні сахна өнерінің биігіне шығарған бишілік қабілет дарыны екендігі мақтан тұтарлық қасиетіне айналған еді. Алматылық балетмейстер Рабиль Сүлейменов сахналаған ұлттық композициялық "Молдабай" биіндегі басты кейіпкер Молдабайдың бейнесін кәсіби бишінің деңгейінде сомдағандағы хас шеберлігі талайды тамсандырғандығы құпия емес. «Аманкелдінің пластикалық қозғалысы өте әдемі, ал музыкалық ритмі сағаттың секунды соққанындай дәлдікте» деген балетмейстердің бағасы көңілге қуаныш ұялатқан болатын.

Ақтоғай өнері өз өнерпаздарын сахнада ғана жарыстырып қоймай, олардың өмір жолдарын да жұптастырып, тоғыстырып, жанұялық әулетті құрағандығы, сөйтіп өрелі жетістіктерді толықтыра түскендігі өз алдына бір өнеге. Бұлбұл үнді, дүлдүл әнші Шәмшиямен өзі бір оркестр, әрі актер, әрі музыкант, әрі биші, өзі шофер, өзі киномеханик, өзі көркемдік жетекші Аманкелді, сондай-ақ сахнаның сан қырлы талантының саңлақтары атанған Мұрат пен Қарлығаш, Нұрлан мен Айгүлдер қаздай тізіліп тұрып, көп дауыспен топ болып ән салғанда, берісі облыс пен республика, әрісі шетелдердің көрермендерінің тандайын қаққызып, барлығының да республикалық және Бүкілодақтық байқаулардың лауреаттары болғандығын айтудың өзі парыз. Айта берсек, таусылмас шежіреге ұласатын аудан өнерпаздарының туған жеріміздің айбатын асырып, даңқын шығарып, Ақтоғаймен мақтандырып, барша жұртқа Ақтоғайын мақтағандығы жетістіктеріміздің көш басындағы мұнарасы болса керек. Сондықтан да, кезінде көрермендердің көзайымына айналған, бүгінде 70 деген кемел жасқа толған марқұм Аманкелді сияқты аптал азаматтардың бейнесі көзден кетсе де, көңіл көкжиегінің көлеңкесінде қалып қоймаса екен.

**Тұңғышбай Мұқан,
өлкетанушы, зейнеткер.**

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті
редакциясы ЖШС**

**Тіркеу күші: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы Думан КАБЫЛ

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

